

## 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 мамырдағы N 422 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы, "Аджиб Каспиан Си Б.В.", "ЭксонМобил Қазақстан Инк.", "ИНПЕКС Норт Каспиан Си Лтд.", "Филипс Петролеум Қазақстан Лтд.", "Шелл ҚазақстанДевелопмент Б.В." және "Тоталь ЭИП Қазақстан" компаниялары арасында жасалған "1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шарт мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**2 НЫСАН**

**КҮНІ 2005 \_\_\_\_\_**

**1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша  
Өнімді бөлу туралы келісімге өзгерістер  
мен толықтырулар енгізу туралы  
ШАРТ**

Ескерту. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Шарт Заң деректер базасына енгізілуге жатпайды.

(РҚАО-ның ескертуі: "1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы" Келісім РҚАО-ға келіп түскен жоқ).